29 қараша
МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ
ВЫБОРЫ ДЕПУТАТОВ МАСЛИХАТОВ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Конституция – мемлекетіміздің негізгі заңы, бұл – халқымыздың құқықтық төлқұжаты. Сондықтан Конституцияны күлкі қылу, оның негізгі ережелерін менсінбеу халқымызды кемсітумен бірдей. Ондай әрекет жасағандар «Заң мен тәртіп» қағидатына сәйкес қатаң түрде жазаға тартылатын болады. Мәселе мемлекетіміздің абыройы, қоғамның ұлттық институттарға деген сенімі, Қазақстанның халықаралық беделі туралы болғанда біз, халық билік ету өкілдігін берген тұлғалар, ұлт мүддесін қорғау жолында аянбай еңбек етуіміз керек, сол үшін қолымыздан келгеннің бәрін жасауымыз керек. Бұл – азаматтық және саяси борышымыз.

№135
(5033)
Сенбі
14 қараша
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 35 ЖЫЛ



Астананың сауда орталықтары Тәуелсіздіктің 35 жылдығына орай безендіріліп жатыр.

Осылайша, көшелер мен ғимараттар ғана емес, танымал сауда орталықтары да мерекелік күйге ене бастады. Бүгінгі таңда Mega Silk Way және «Сарыарқа» сауда орталықтарының LED-экрандарынан Қазақстан Тәуелсіздігінің 35 жылдығына арналған бейнероликтер көрсетіліп жатыр. Мерекеге арналған безендірулер көшелерге ерекше көрік беріп, тұрғындар мен елорда қонақтарына айтулы күннің жақындағанын сездіруде. Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік безендіру іс-шаралары басқа да сауда орталықтарында жүріп жатыр. Ал Ұлттық музейде ел Тәуелсіздігінің 35 жылдығына арналған «Қызғалдақ мекені» көрмесі ашылды.

TARLAN ASTANA – ТИІМДІ КӨЛІК

Tarlan Astana бүгінде тек елордалықтарға ғана емес, қала қонақтары үшін де тиімді әрі тартымды көлік түріне айналып келеді. Жеңіл рельсті көлікпен жүрушілер саны да күннен-күнге өсуде. Сондай-ақ қазіргі таңда бұл көлік желісінің екінші кезеңінің құрылысы қарқынды жүріп жатыр.



«ASTANA AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ

Қазақстан тарихындағы алғашқы ауқымды республикалық кітап оқу марафоны – «Кітап оқитын ұлт» миллион кітап белесінен асты. 59 күнде қатысушылар 1102560 кітап оқып, 1102560 пікір жазды. Бұл – күн сайын орта есеппен 18 мыңнан астам кітап, ал әрқайсысының артында оқырманның өз пікірі тұр.

Қатысушылар кітап оқып қана қоймай, алған әсері жайлы да сыр бөліседі. Олар әлеуметтік желілерде 64177 бейнепікір жариялады, ал кітап туралы әңгімелер достарына, әріптестеріне және жазылушыларына жетіп жатыр. Қатысушылар жалпы 260 млн ұпай жинады. Марафон аясында 15 кітап оқу кезеңі 2027 жылдың 9 наурызына дейін жалғасады, алда әлі 117 күн бар. Оқу кезеңінен кейін қатысушыларды тест пен зияткерлік квиз күтіп тұр. Сынақтардың қорытындысы бойынша республикалық деңгейде жылдың 10 үздік оқырманы анықталады.

WONDERLAND ASTANA ҚАЛАШЫҒЫ АШЫЛАДЫ

Биыл үшінші жыл қатарынан ашылғалы тұрған қысқы қалашықтағы жаңалықтың бірі әйгілі «Хогвартс экспресі» пойызына ұқсатып безендірілген ертегі пойызы болмақ.

Елордадағы отбасылық қысқы демалыс орындарының біріне айналып келе жатқан Wonderland Astana қалашығы биыл балалар мен ересектерге арналған ойын-сауық түрлерін одан әрі көбейтіп отыр. Қалашық аумағында шамамен 1800 шаршы метрлік мұз айдыны, биіктігі 6-8 метр, ал ұзындығы 50 метрден асатын үш қатарлы сырғанақ, сондай-ақ ойын алаңдары мен тақырыптық аттракциондар орналасады. Еске салайық, Wonderland Astana өз жұмысын 1 желтоқсанда бастайды.

№135 (5033) 14/11/2026 Сенбі

АҚОРДА

ҰҚШҰ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ ҚАБЫЛДАНДЫ



Мәскеуде ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысы өтті. Саммитке Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен бірге Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенко, Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмон, сондай-ақ ҰҚШҰ Бас хатшысы Таалатбек Масадыков қатысты.

Мемлекеттер басшылары ҰҚШҰ аясындағы ықпалдастықтың негізгі аспектілерін қарастырып, ұйымның 2026 жылы атқарған қызметінің нәтижесіне баға берді әрі алдағы кезеңге арналған жұмыстың басты бағыттарын айқындады. Сондай-ақ президенттер халықаралық және өңірлік қауіпсіздіктің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты.

Қасым-Жомарт Тоқаев қонақжайлық танытқаны үшін Владимир Путинге ризашылығын білдіріп, Ресей тарапының биыл ҰҚШҰ-ға өте нәтижелі төрағалық еткенін атап өтті. Президент халықаралық терроризммен күрес, есірткі заттарының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл, сондай-ақ жасанды интеллект технологиясының ықпалы ұлғайып келе жатқанын ескере отырып, ақпараттық қауіпсіздікті нығайту бағыттары бойынша күш-жігер жұмылдыру қажет екеніне назар аударды. Қазақстан Президенті сөз соңында ҰҚШҰ-ға төрағалық ететін Тәжікстанның көшбасшысы Эмомали Рахмонды құттықтап, осы жауапты миссияны атқаруда сәттілік тіледі. Жиын қорытындысы бойынша Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің декларациясы қабылданды. Сонымен қатар ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің ортақ мүддесіне сай ұжымдық қауіпсіздікті одан әрі нығайтуды көздейтін бірқатар құжатқа қол қойылды.

ӘДІЛЕТТІЛІК – АЙНЫМАС ТЕМІРҚАЗЫҒЫМЫЗ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ШҰҒЫЛ ОТЫРЫСЫНДА ЖАСАҒАН МӘЛІМДЕМЕСІ

Кеше еліміздің бұқаралық ақпарат құралдары «Самұрық-Қазына» қоры мен «Қазақстан темір жолы» компаниясы басшыларының ұсталғаны туралы мәлімет таратты. Ашығын айтқанда, бұл – мемлекеттік компанияларда жемқорлық белең алғанын көрсететін аса күрделі жағдай. Жалпы, заң бойынша тергеу мәселелерін жариялауға немесе ашып көрсетуге болмайды. Оның үстіне тергеу жұмысы да енді басталды.



Алайда қазірдің өзінде мына нәрсені анық айтуға болады: бұл – біз «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын жариялап, оны Конституциямызда мемлекеттік басқару мен қоғам өмірінің басты қағидаты ретінде бекіткелі бері біртұтас жүйеге кіретін мемлекеттік компанияларда болып тұрған сыбайлас жемқорлыққа қатысты алғашқы ірі іс.

Еліміздің Конституциясы 15 наурызда жалпыұлттық референдум кезінде бірауыздан қабылданды, 1 шілде күні заңды күшіне енді. Осылайша, мемлекетіміздің бас құжаты әділетті түрде «Халық Конституциясы» деп аталды. Конституцияның ережелері мен баптарын бұзуға, халқымыздың осы қасиетті құжатын келемеж жасауға, кемсітушілік көрсетуге ешкімнің де хақы жоқ.

Конституция – мемлекетіміздің негізгі заңы, бұл – халқымыздың құқықтық төлқұжаты. Сондықтан Конституцияны күлкі қылу, оның негізгі ережелерін менсінбеу халқымызды кемсітумен бірдей. Ондай әрекет жасағандар «Заң мен тәртіп» қағидатына сәйкес қатаң түрде жазаға тартылатын болады.

Мәселе мемлекетіміздің абыройы, қоғамның ұлттық институттарға деген сенімі, Қазақстанның халықаралық беделі туралы болғанда біз, халық билік ету өкілдігін берген тұлғалар, ұлт мүддесін қорғау жолында аянбай еңбек етуіміз керек, сол үшін қолымыздан келгеннің бәрін жасауымыз керек. Бұл – азаматтық және саяси борышымыз.

«Самұрық-Қазына» қоры еліміздің стратегиялық активтерін басқарады, ауқымды инвестициялық жобаларды жүзеге асырады, аса ірі шетелдік компаниялармен және халықаралық қаржы институттарымен тығыз байланыста жұмыс істейді. Түптеп келгенде, кез келген келісімнің, серіктестіктің артында ұзақ жылдар бойы жасалатын көптеген келіссөздер, соның ішінде халықаралық қауымдастықтың елімізге деген үлкен сенімі мен мемлекетімізге жүктелген нақты міндеттер тұрады.

Тек соңғы үш жылдың ішінде, яғни 2023 және 2025 жылдар аралығында 3 168 сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылық анықталды, соның ішінде 2 165 құқық бұзушылықты мемлекеттік қызметшілер жасаған, ал қалғанын басқа да тұлғалар, атап айтқанда, квазимемлекеттік сектор қызметшілері жасаған. Жалпы сомасы 248 миллиард теңгеден асады. Осы жылдың он айы ішінде 751 сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқықбұзушылық жасалған, соның 546-сын – мемлекеттік қызметшілер, ал 205-ін өзге де тұлғалар жасаған, соның ішінде квазимемлекеттік сектор қызметшілері де бар.

Осы статистикадан көріп отырғанымыздай, еліміздегі сыбайлас жемқорлық ахуалы күрделі болып тұр. Бірақ біз ешнәрсені де жасырмаймыз, басын құмға тыққан страустың кейпіне түспейміз. Біз осы саладағы мәселенің бәрін ашық айтамыз, жемқорлықты жою үшін қабылданған және қабылданатын шаралар туралы да ешнәрсені жасырмай, барлығын халыққа ашық көрсетіп отырамыз.

Сол себепті түрлі деңгейдегі басшылардың жымқыруға қатысты құқық бұзушылықтарын Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметі Бас прокуратурамен бірге жедел және жіті тексереді. «Өзіміздікі» және «өзіміздікі емес», тіпті «бөтен» деп бөлуге мүлде жол берілмейді. Өйткені Конституцияда заң мен сот алдында бәрі тең екені анық жазылды. Біз бәріміз де осы заңға бағынуымыз керек.

Жоғары лауазымға ие болу – әрқашан және әрдайым жүктелетін жоғары жауапкершілікті дұрыс түсіну деген сөз. Қоғамымызда атқаратын лауазымына, сіңірген еңбегіне не болмаса тамыр-таныстарына, соның ішінде туыстық байланыстарына қарамастан, ешкім де заңнан аттап кете алмайды. Бұл – мен үшін мызғымайтын, яғни өзгермейтін ұстаным. Соңғы кезде біз кейбір келісімдер мен шарттарды қайта қарадық. Меніңше, оларға қол қою қате шешім болған. Бірақ биліктің кәсіпкерлерге кедергілер, тосқауылдар жасайтын ойы да, ниеті де жоқ. Керісінше, біз оларға әрдайым жан-жақты қолдау көрсетіп жатырмыз және алдағы уақытта да солай болады.

Бәріңіз де білесіздер, мен келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап шағын кәсіпкерлікті тексеруге арналған тағы бір үш жылдық мораторий жариялау туралы тапсырмамды бердім. Елімізде біртіндеп орнығып жатқан «Заң мен тәртіп» құқықтық стратегиясының түпкі мәні де осы: әділеттілік қағидатына және заң талаптарына сай көмекке мұқтаж адамдарға, сондай-ақ кәсіпорындарға қолдау көрсету.

Жағдай қаншалықты күрделі болса да «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының аппараты мен мемлекеттік компаниялардың, соның ішінде «Қазақстан темір жолының» жұмысы тоқтап қалмайды, үздіксіз жүре береді. Мемлекеттік компанияларға қарасты барлық мекемелер қалыпты тәртіппен жұмыс істеп жатыр. Жалпы, бұған ешқандай себеп те жоқ. Керісінше, жемқорлыққа қарсы жүргізіліп жатқан күрес инвесторлар мен несие берушілердің аталған институтқа деген сенімін арттырып, олардың мейлінше тиімді, ашық және жемісті жұмыс істеуіне мүмкіндік береді деп санаймын.

Бас прокуратура жалпы сомасы 1,3 триллион теңгеден асатын заңсыз иемденген активтерді қайтарғанын еске саламын. Бұл қаражат 466 әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысанның құрылысына жұмсалды. Қазіргі таңда 383 нысан, соның ішінде медициналық мекемелер, сумен жабдықтау желілері, мектептер, спорт кешендері салынып бітті. Жұмыс жалғаса береді. Қалыптасқан жағдайға қарағанда, нысандар қаншалықты сапалы салынғанын тексеруге себеп бар сияқты. Өйткені нысандардың, соның ішінде жолдардың сапасы талапқа сай болмайтын жағдай жиі кездеседі.

Дегенмен осы оқиғаның өзі жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтар мемлекеттік компаниялардың ең осал тұсы, яғни басты дерті екенін айқын көрсетіп отыр. Осы орайда, Үкімет пен бақылаушы органдар биыл 24 қарашаға дейін сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқықбұзушылықтарды барынша азайту, квазимемлекеттік сектордағы компаниялар мен олардың қызметкерлерінің жұмыс сапасын айтарлықтай жақсарту жөнінде маған ұсыныс берсін.

Өздеріңізге мәлім, қазір біз жаңа тарихи кезеңге қадам бастық. Енді бір орында тұрып қалуға, бұрынғы жетістіктерді мәсе тұтып, арқаны кеңге салуға хақымыз жоқ. Әділетті Қазақстанды құру ісінде жалқаулық пен селқостыққа бой алдыруға болмайды. Ал сыбайлас жемқорлыққа батқан ниеті теріс кісілер – біздің қас жауымыз. Олар қазірдің өзінде «Халықтық құрылыс» бағдарламасын іске асыруға кедергі келтіріп, зиян тигізуді ойлап жүр. Біз бұған, әлбетте, ешқашан жол бермейміз.

Барлық әлеуметтік инфрақұрылым нысандары, соның ішінде жолдар, әуежайлар, емханалар, оңалту орталықтары, шығармашылық үйлері, мектептер мен спорт кешендері сапалы салынуы керек. Бұл – мүлтіксіз орындалуға тиіс талап. Мемлекет қаржысының тиімді жұмсалуын арнайы мемлекеттік комиссия қадағалайды. Оның құрамы келесі аптаның басында жарияланады. Осылайша, біз халықтың әл-ауқатын арттыруды және азаматтардың тұрмыс сапасын жақсартуды көздейтін түпкі мақсатымызды жүзеге асыруды бастаймыз.

Осы істе Конституциямызда бекітілген заң, әділеттілік және тәртіп қағидаттары айнымас темірқазығымыз болады. Әрине, бұл жол оңай болмайды. Тіпті түрлі қиындықтар да кездесетіні анық. Халқымыз «Жол мұраты – жету» деп бекер айтпаған. Сондықтан табандылық танытып, алға қойған мақсаттарымызға міндетті түрде қол жеткіземіз.

№135 (5033) 14/11/2026 Сенбі



САЙЛАУҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

470 САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ ЖӘНЕ МИЛЛИОННАН АСТАМ САЙЛАУШЫЛАР: ОСК АСТАНАНЫҢ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУҒА ДАЙЫНДЫҒЫН ТЕКСЕРДІ

29 қараша — МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

11 қараша күні Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров Астана қаласы бойынша мәслихат сайлауын өткізуге дайындық барысымен танысты. Ол ОСК мүшелерімен бірге бірқатар округтік комиссиялар мен сайлау учаскелерін аралап, мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен кеңес өткізді.

Кеңес барысында Астана қаласының құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдар басшыларының, сондай-ақ аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының баяндамалары тыңдалды. Жиынға Астана қаласындағы аумақтық және округтік сайлау комиссияларының мүшелері де қатысты. Отырыс барысында ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту, сайлау учаскелерінің материалдық-техникалық жабдықталуын жақсарту және заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мәселелері қаралды.

Нұрлан Әбдіров мемлекеттік органдар мен сайлау комиссияларының үйлесімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етудің, заңдылықты сақтаудың, сондай-ақ сайлау процесінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті.

– Сайлау қарсаңында Орталық сайлау комиссиясының мүшелері инспекциялық сапарлармен еліміздің барлық өңірлерін аралап жүр. Сайлау комиссиялары мемлекеттік органдармен бірлесіп, дауыс беру күні сайлаушылар үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуі тиіс. Бұл ретте ауа райы жағдайлары, қауіпсіздік мәселелері, электрмен жабдықтаудың резервтік көздері мен сапалы байланыс желісінің болуы, әсіресе онлайн-сервистер жұмыс істейтін сайлау учаскелерінде ескерілуі қажет. Осыған байланысты сайлау комиссиялары мен тиісті мемлекеттік органдар жұмысының үйлесімділігі ерекше маңызға ие, – деп атап өтті ОСК төрағасы.

Нұрлан Әбдіров №10 округтік сайлау комиссиясының және №225, 493, 494 учаскелік сайлау комиссияларының жұмысымен де танысты. Ол комиссиялардың сайлауға дайындығын, комиссия мүшелерінің жұмыс жағдайын, үй-жайлардың жабдықталуын, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуін, сондай-ақ дауыс беру күніне дайындықтың практикалық мәселелерін зерделеді. Орталық сайлау комиссиясының төрағасы учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерімен әңгімелесу барысында заңнама талаптары мен сайлау рәсімдерінің қатаң сақталуына зор жауапкершілік жүктелетінін атап өтті. Мүгедектігі бар адамдардың сайлау учаскелеріне қолжетімділік мәселесіне ерекше мән берілді.

Ортсайлауком ұйымдастырған оқыту семинары барысында 60-тан астам округтік сайлау комиссиясының мүшесі теориялық білімі мен практикалық даярлық деңгейін арттыруға мүмкіндік алды. Қорытынды тестілеу нәтижелері бойынша қатысушылардың басым бөлігі сайлау заңнамасының талаптары мен нормаларын жетік меңгергенін көрсетті.

Айта кетейік, Астана қаласы мәслихаты депутаттарының ағымдағы сайлауына барлығы 470 сайлау комиссиясы жұмылдырылған. Оның ішінде 7 аумақтық, 17 округтік және 446 учаскелік сайлау комиссиясы бар. Сайлау комиссиялары мүшелерінің жалпы саны – 4004 адам. Елордадағы сайлаушылар саны 1031000 азаматтан асады.

МЫҢҒА ЖУЫҚ КІТАП ОҚЫҒАН

Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназияда «Кітап оқитын ұлт» бастамасы аясында «Мың кітап – бір оқырман» атты кездесу өтті. Жүздесудің қонағы – мыңға жуық кітап оқыған 5-сынып оқушысы Кәусар Азаматқызы.

Кездесу барысында Кәусар кітап оқуға қалай қызыққанын, сабақтан тыс уақытта кітапқа қалай уақыт бөлетінін және өзі үшін ерекше әсер қалдырған шығармалар туралы әңгімеледі. Оның айтуынша, кітапқа деген сүйіспеншілігі 3-сыныпта оқып жүргенде басталған. Бұған отбасындағы кітап оқу мәдениеті де әсер еткен.

«Үйде ата-анам кітапты көп оқитын. Соларға қарап мен де кітапқа жақын бола бастадым. Қазірге дейін 800-ден астам кітап оқыдым. Кітап оқу адамның ой-өрісін кеңейтіп, көп нәрсені үйретеді. Сондықтан өзім сияқты жас достарымды да кітап оқуға шақырамын» деді Кәусар Азаматқызы.

Жас оқырманның әңгімесіне қызығушылық танытқан оқушылар оған сұрақтарын қойып, қандай шығармаларды оқуға кеңес беретінін білді. Іс-шара мектептегі «8 минуттық оқу» бастамасымен де ұштасады. Кездесу соңында оқушыларға Кәусар ұсынған кітапты оқып, шығармадан алған алғашқы әсерімен бөлісу ұсынылды.



ЗАҢДЫ САҚТАУ – ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Елордадағы «Тұран-Астана» университеті «Заң мен тәртіп» онкүндігін өткізді. Ол білім алушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, жастардың құқықтық сауаттылық деңгейін арттыруға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталды.

Онкүндік бағдарламасына құқық қорғау органдары мен заң қоғамдастығы өкілдерімен тақырыптық кездесулер, дөңгелек үстелдер, дәрістер, семинарлар, құқықтық викториналар, пікірталас алаңдары және ақпараттық акциялар енген. Атап айтқанда, құқық және психология кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты Өмірзақ Серімов «Кәмелетке толмағандар мен жастар арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылық мәселелері» тақырыбында ашық дәрісі өткізді.

– Іс-шара жастар арасындағы қылмыстың қазіргі жай-күйін кешенді талдауға, оның себеп-салдарын зерттеуге бағытталған. Онкүндік барысында заңнаманы сақтау, құқық бұзушылықтардың алдын алу, буллинг пен кибербуллингке, интернет-алаяқтыққа, нашақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сондай-ақ жеке және қоғамдық қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аударылды, – дей келе, «Тұран-Астана» университетінде қылмыстық көріністерге, оның ішінде кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтарға тиімді қарсы іс-қимыл жасауға мүмкіндік беретін заманауи криминалистика құралдарының, мамандандырылған техниканың және жасанды интеллект саласындағы озық жетістіктердің толық кешені бар екенін тілге тиек етті.







TARLAN ASTANA ҚОСШЫҒА ДЕЙІН ҰЗАРАДЫ

Бас қаладағы Tarlan Astana жеңіл рельсті көлік (LRT) желісінің екінші кезеңі салынып жатыр. Жоба аясында желіні Қосшы қаласына дейін ұзарту жоспарланған. Құрылыс жұмысын келесі жылдың соңына дейін аяқтап, қозғалысты ашу көзделіп отыр. Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек мәлімдеді.

Қазіргі уақытта Сығанақ, Ш.Айтматов көшелері мен Тұран даңғылы бойында құрылыс жұмысы жүріп жатыр. Осыған байланысты аталған көшелерде көлік қозғалысына уақытша шектеулер енгізіледі. Қала әкімі тұрғындардан құрылыс кезеңіндегі қолайсыздықтарға түсіністікпен қарап, жобаның жүзеге асуына қолдау білдіруді сұрады. Сонымен қатар құрылыс жұмысын барынша қысқа мерзімде әрі сапалы аяқтау үшін барлық қажетті шара қабылданып жатқанын атап өтті.

«Құрылыс кезеңінде осы жылдың соңына дейін және келесі жылы Сығанақ, Ш.Айтматов көшелері мен Тұран даңғылы бойында көлік жүргізушілеріне уақытша қолайсыздықтар туындайды. Бұл ретте көлік қозғалысын қамтамасыз ету үшін бар күшімізді саламыз» деп жазды Жеңіс Қасымбек.

Әкімнің мәліметінше, ол LRT желісінің екінші кезеңіндегі №201, 202 және 204 станцияларының құрылыс барысымен танысқан. Атап айтқанда, Сығанақ көшесінің бойында орналасқан №201 станцияда ауысып міну торабының құрылысы басталған. Бұл жерде №2 және №3 желілер түйіседі. Нәтижесінде жолаушылар бекеттен шықпай-ақ, бір бағыттан екіншісіне ауыса алады. Жобаның толық іске қосылуы елорданың көлік инфрақұрылымын дамытуға, жолдардағы жүктемені азайтуға және кептеліс мәселесін шешуге ықпал етеді. Сондай-ақ тұрғындардың қоғамдық көлікпен қатынау мүмкіндігі кеңейеді.

Әкімнің айтуынша, бүгінге дейін жолаушылар Tarlan Astana желісімен 13,8 миллион рет қатынаған.

№135 (5033) 14/11/2026 Сенбі

БУЛЛИНГ НЕГЕ ДЕС БЕРМЕЙ ТҰР?

Жасөспірімдердің бір-біріне күш көрсету, қорқыту оқиғалары тыйылмай тұр. Буллингтің алдын алмаса, қоғамның өткір мәселесіне айналып кететін түрі бар.



Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Бізде «Заң мен тәртіп» қағидаты мықтап орнығуда. Астананың барлық мектептері мен колледждерінде халықаралық үздік тәжірибелерге негізделген «DosbolLIKE» бірыңғай антибуллингтік бағдарлама жұмыс істейді. Бұл оқушылар арасында «нөлдік төзімділік» мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Бас прокуратура мәліметінше, кейінгі үш жылда, кәмелетке толмаған 7 мыңға жуық жасөспірім қылмыс жасаған. Олардың әрбір екіншісі ауыр және аса ауыр қылмыстар санатына жатады. Осы кезеңде 2,5 мыңға жуық жасөспірім сотталған, тағы 3 мыңға жуығы полицияның профилактикалық есебіне алынған. Тек биылдың өзінде буллинг деректері бойынша 2 мыңнан астам өтініш түскен.

Сондай-ақ буллингке байланысты осы деректердің көпшілігі бас қалаға тиесілі екен. Бұл әлімжеттіктің артуын емес, қайта бейнебақылау камералары, QR код, жалпы қадағалаудың жолға қойылғандығын білдірсе керек-ті. Осыған орай, Астана қаласы Полиция департаментінің Алматы аудандық полиция басқармасы отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесінің инспекторы, полиция майоры Ақдидар Нәлібекқызы ой бөліскен еді.

– Қазір цифрландыру дамып жатыр. Әлеуметтік желіде әртүрлі дүние бар. Оның үстіне ата-аналар күні-түні еңбек етіп, отбасын асыраймын деп, баласына көңіл бөлуге уақыты да аз. Кейбір ұсақ бұзақылыққа барған, келеңсіз жағдайларға тап болған балалармен сөйлессеңіз, мейірім жетіспегенін аңғарамыз. Түнгі ойын клубтарда жүретін жасөспірімдер де кезігеді. Бірақ жасалған теріс әрекет кәмелеттік жасқа толмаған балаларды да, оның ата-анасын да жауапкершіліктен құтқармайды. Біз ұрпақтың санасын улайтын әрекеттерден сақтансақ, қоғамда Заң мен тәртіп сақталып, ел гүлдене түсері анық, – деді қалалық полиция өкілі.

ЕЛДЕГІ АХУАЛ ДА АЛАҢДАТАДЫ

Буллинг бойынша, биылғы жылдың өзінде ІІМ-не өңірлерден біраз факті тіркелген. Таяуда Алматыда екі жасөспірім қыз үшін жанжалдасып, ақыры қайғылы жағдаймен аяқталды. Бірақ кінәлі сотталмаған. Өйткені Қазақстанда кісі өлтіргені үшін қылмыстық жауапкершілікке 14 жастан тартылады. Әлгі пышақ сұққан жасөспірім 13 жаста көрінеді. Алматы ПД мәліметінше, бар болғаны арнайы мамандандырылған мектеп-интернатқа жіберіліп, профилактикалық есепке алыныпты. Ұлытау облысы, Жаңаарқада оқушыға жасалып келген буллингті мектеп басшылығы жасырып қалуға тырысқан. Бар болғаны, күш көрсетіп, бопсалаған үш оқушының ата-анасына ғана айыппұл салған. Ақтауда да 11-сынып оқушылары 10-сыныптың оқушысын жабылып соққыға жыққан. Мұнда да зәбір келтіргендердің ата-анасына айыппұл салынған. Таразда да 10 сынып оқушылары жанжалдасып, біреуі бір көзінен айырылған. Кінәлі 7 жылға сотталыпты. Бұл фактілерден түсінгеніміз, заңнаманы қайта қарап, жазаны қаталдатпаса, әлімжеттік әл бермейтіні байқалады.

Жасөспірімдер арасындағы қатыгездік көбейгендігіне белгілі заңгер Мейірман Шекеев те алаңдаушылықпен қарайды.

– Әлімжеттік фактілері көбейіп барады. Мектептерде жоғары сынып төменгі сыныптағыларға күш көрсететін болған. Мұны өздері «система» деп атайды. Жақында Таразда Мирас деген баланы өзінен бір сынып жоғары оқитын балалар дүкен алдында ұрып-соғып мерт қылды. Дәл осындай іс Семейде де болды. Яғни, әлімжеттікке қатысты 106-бап бойынша іс қозғалып, айыпкер 3,5 жыл бас бостандығынан айырылды. Заң бойынша аса ауыр қылмыстық жауапкершілік 14 жастан бастап көзделген. Ал жалпы қылмыстық жауапкершілік 16 жастан қарастырылған. Білуімше, әр мектепте полиция инспекторы бар, бірақ ол бәрін бақылап жүре алмайды. Әскерде қайғылы жағдайлар бола берген соң, ең аяғында әжетханаға дейін бейнебақылау орнатты ғой. Сондықтан баланың бос уақытында қосымша үйірмелер ұйымдастырылып, білім ошақтарына да камералар орнатылу керек. Сонымен қатар әкімшілік құқықбұзушылықтың 127-бабына буллинг бабы енгізілді. Мұнда жауапкершілік оның ата-анасына ғана жүктеледі. Ал шетелде буллинг қылмыстық жауапкершілікпен тең. Сондықтан жауапкершілікті қатаңдатсақ екен, – дейді заңгер.

Былтыр заңнамамызға өзгеріс енгізілді. Мектепте баланы жәбірлеген адам 10 АЕК көлемінде 39 320 теңге айыппұл арқалайды. Егер сол бала бұл әрекетін қайталаса, айыппұл көлемі үш есеге дейін көбейіп, 117 960 теңге төлейді. 12-16 жас аралығындағы балалар үшін ата-анасы жауапты. Кейбір жағдайларда сол білім ошағының абыройын ойлап, әлімжеттік жай жылы жабылатыны да жасырын емес.

ӘЛЕМ ҚАЛАЙ КҮРЕСЕДІ?

Әлемде буллингпен әр ел әртүрлі күреседі. Таяуда Түркияда 15 жасқа дейінгі жасөспірімдерге әлеуметтік желіге тіркелуге, қатыгездікке байланысты, сананы улайтын түрлі контент таратушыларға қарсы заң күшіне енді. Аустралияда да 16 жасқа дейінгі жасөспірімдерге желіге тіркелуге тыйым салынды. Қытайда буллинг анықталса, жеңіл түріне ескерту, орта түріне ата-анасына айыппұл салынады, ауыр түріне арнайы қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Ал АҚШ-та буллингке барған балаға ескерту беріліп, қатаң тізімге енеді, тіпті болмаса апта бойы сабаққа келуі шектеледі, келешекте ЖОО оқу орнына түсе алмауы ықтимал, ауыр іс-әрекетке барса, мүлдем мектептен шығарып жіберіп, өмір бақи білім алу құқығынан айрылуы мүмкін. Осылайша, өз өміріне балта шауып алуы ғажап емес. Дәлірек айтқанда, дамыған елдерде «Заң мен тәртіп» өте қатал.

Балалар мен жасөспірімдер арасындағы буллинг мәселесін шешуде «тұтас қоғам болып күресу керек» деген пайымды педагог-психолог, PhD доктор Айгүл Ахметова да қоштайды.

– Өзінің ортасын мектепте, үйде таппаған жеткіншектер көшенің тәрбиесіне еліктейді. Соның салдарынан компьютер және түнгі клубтарды жағалап, әлеуметтік желіден неше түрлінің бәрін көріп отыр. Бізде матриархалды отбасылар көбейіп, кейбір әйелдер баланы өздері тәрбиелеуге көшті. Мектептегі психологтар, әлеуметтік педагогтар жалақысы небәрі 100-150 мың теңге көлемінде болғандықтан, олар құжат толтырып қана отыр. Бұрынғыдай ұрпағына қазақи тағылым беретін ата-әжелер институты да әлсіреді. Бірақ буллингтен шығудың жолы бар. Аустралияда 16 жасқа дейінгі жас өрендерге ғаламторды шектеді. Бұл – жақсы бастама. Отбасында ер-азаматтың табысына қарамай беделін көтеріп, әлеуметтік желіні шектеп, қазақтың «ұят болады» сөзінің моральдық ұғымын арттырып, үлкендер өзіміз жас ұрпаққа үлгі болсақ, мектепте де, әскерде де әлімжеттік тыйылар еді, – деп түйді психолог.

Тоқетері, буллинг жай ғана жасөспірімдер арасындағы ерегіс-төбелес қана емес. Буллингті қадағаламаса, дене жарақатын салып, жазым етуге дейін баратын аса ауыр қылмыс ретінде қараған абзал. Әйтпесе, бір үйдің үкілеп отырған үміті, білім қабырғасында жүріп, қыршынынан қиылса, қылмысты ашқанымен, ата-анаға бала тауып бере алмайтыны анық. Қазақ еліне дені сау, ақыл-есі дұрыс, алғыр ұрпақ қажет.



ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ЖАРЫСЫ

Астана мектептерінде 5-7-сынып оқушылары арасында қаржылық қауіпсіздік бойынша QARZHYSKILL чемпионаты басталды. Қатысушылар қаржылық және цифрлық сауаттылық жөніндегі білімін жетілдіріп, интернет-алаяқтықты анықтау мен жеке деректерін қорғау жолдарын үйренеді.

Чемпионатты Астана қаласы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті елорданың Білім басқармасымен бірлесіп, «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ұйымдастырды. Жобаның негізгі мақсаты – оқушылардың қаржылық және цифрлық сауаттылығын арттыру, сыни ойлау қабілетін дамыту, алаяқтық схемалар мен ойынға тәуелділікке қарсы тұру дағдыларын қалыптастыру.

Чемпионат барысында оқушылар қаржылық және цифрлық қауіпсіздік бойынша білімін көрсетіп, түрлі жағдайларды талдау және дұрыс қаржылық шешім қабылдау қабілетін сынайды. Астана қаласы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің аға жедел уәкілі Жарқынбек Мамалиновтың айтуынша, қаржылық және цифрлық қауіпсіздік дағдыларын орта буын сыныптарынан бастап қалыптастыру қажет.

«Қаскөйлер заманауи технологиялар мен психологиялық айла-тәсілдерді жиі пайдаланып, кәмелетке толмағандарды да нысанаға алады. Сондықтан балаларға қауіп туралы ескертіп қана қоймай, олардың цифрлық ортада қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру маңызды. Бала ықтимал қауіптерді неғұрлым ерте танып, ақпаратты сыни тұрғыдан бағалауды және жеке деректеріне жауапкершілікпен қарауды үйренсе, болашақта заңсыз схемалардың ортасында қалудан мүмкіндігі соғұрлым алыс болады» деді ол.

Департамент өкілінің сөзінше, дропперліктің алдын алуға да ерекше мән беріледі. Оқушылар банк картасын, оның деректемелерін немесе банк қосымшасына кіру мүмкіндігін бөгде адамдарға беру ауыр құқықтық салдарға әкелуі мүмкін екенін түсінуі керек. Ұйымдастырушылардың пікірінше, мұндай бастамалар өскелең ұрпақтың қаржы мен цифрлық қауіпсіздікке жауапкершілікпен қарауын қалыптастырып, оқушыларды салмақты шешім қабылдауға және заманауи алаяқтық схемаларына қарсы тұруға үйретеді.



ҚҰҚЫҚТЫҚ ДЕБАТ ТУРНИРІ

«Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру аясында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде шетелдік студенттерге құқықтық түсіндіру жұмысы жүргізілді. Кездесудің мақсаты – студенттердің құқықтық мәдениетін нығайтып, ҚР қолданыстағы заңнамасы туралы хабардарлығын арттыру.

Астана қаласы прокуратурасы басқармасының прокуроры Данияр Оразбаев пен Астана қаласы Полиция департаменті полк қызметінің инспекторы Асылбек Жұбат сөз сөйледі. Құқық қорғау органдарының өкілдері Қазақстан заңнамасының негізгі талаптарын, шетел азаматтарының ел аумағында жүру ережелерін және түрлі құқық бұзушылықтар үшін көзделген жауапкершілікті егжей-тегжейлі түсіндірді.

Әңгіме барысында заң талаптарын білмеу салдарынан болатын құқық бұзушылықтардың алдын алуға, шетелдік





студенттердің жаңа құқықтық және мәдени ортаға бейімделуіне, сондай-ақ жастардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруға ерекше назар аударылды. Студенттер өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, елордадағы күнделікті өмірі мен оқуына қатысты мамандардан нақты жауап алды.

Мұндай кездесулер шетелдік студенттердің Қазақстанның академиялық және қоғамдық өміріне сәтті бейімделуіне ықпал етеді. Прокуратура мен полиция өкілдерімен ашық диалог құру ықтимал құқық бұзушылықтардың алдын алып қана қоймай, жастардың заңға құрметін арттыруға, білім алып, жеке дамуына қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

ӘРІПТЕС ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ

ҰМЫРЫМЫЗ БАЗАРЛЫ, ШУАҚТЫ БОЛСЫН!

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРМЕТТІ ЖУРНАЛИСІ БАЗАРКҮЛ ҮМБЕТОВАМЕН СҰХБАТ

...Біз XX ғасырда сол заманғы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін сырттай тәмамдадық. Негізі, біздің курс – құтты курс. Дені – баспасөздің оң-солы мен ұңғыл-шұңғылын танып қалған, өздері еңбек етіп жүрген газет-журнал редакцияларының белді қызметкерлері.



Ортамызда Жезқазғаннан келген, мектепті сол жылы ғана бітірген, қашан көрсең жайраңдап жүретін ең кішкентайымыз, еліктің лағындай Базаркүл Үмбетова да бар. Құлағының түбінен қырқып қойған қылтиған қысқа шашы біз курстан-курсқа көшкен сайын ұзарып өсіп, алтыншыны аяқтағанда белден асып, балтырына жетеғабыл, тоқпақтай бұрымға ұласты. Бүгінде журналистиканың жампозына айналған Базаркүл – баспасөз бақшасының бір бағбаны.

– Әдетте, мектепті жаңа бітірген жас түлек жоғары оқу орнында күндізгі бөлімде оқығанды қалайды. Ал сен не себепті сырттай оқығың келді?

– КазГУ-дің журналистика факультетінде оқимын деп талаптанып келгенімде, нақ осы мамандыққа оқуға құжат тапсыру мерзімі аяқталып қойған екен. Қабылдау емтиханының алдында өтуге тиісті шығармашылық байқаудан кешігіп қалыппын. Сондықтан құжаттарымды тарих факультетіне өткіздім. Емтихандардан ойдағыдай баға алып, енді конкурсты күтіп жүргенімде, журналистиканың сырттай бөліміне құжат қабылдау жүріп жатқанын естіп, сонда ауыстым.

Мен мамандығымды дұрыс таңдадым деп санаймын. Оқуға түсіп барғаннан кейін облыстық телевидениеге режиссердің ассистенті ретінде жұмысқа қабылдандым. Кейін тілші болып, балаларға арналған «Жеткіншек» хабарын қолға алдым. Республика бойынша алғашқылардың қатарында ашылған Жезқазған облыстық телеарнасының аудиториясы аймақ деңгейінде болғанымен, рейтинг жағынан көш бастап тұратын. Дәл осы қара шаңырақ, өңір журналистикасының ұстаханасында еңбек жолым басталды. Араға бір жылдан аса уақыт салып, 1986 жылы облыстық радионың жаңадан ашылған жастар редакциясына жұмысқа ауыстым. Төрт жылдан кейін телеарнаға қайта оралдым. Мұндағы мақсат – радиода нығайған жастар хабарын телеарнада да орнықтыру. Алғашқы хабарымның аты – «Қамшы». Одан кейін де бірнеше сәтті хабарлар жасадым, облыс аумағында әжептәуір танымал тележурналиске айналдым.

– Жезқазғанға танымал тілшінің Астанаға ауысуына не себеп болды?

– Бұл елде де, әлемде де үлкен өзгерістер туындап, қоғам құбыла бастаған кез еді. Соған орай, жүйелер де, талаптар да өзгерді. Заманының лебімен өз елімізді ғана емес, Одақты мыспен қамтып отырған Жезқазған облысы ойламаған жерден 1997 жылы жабылды. Балапан басына, тұрымтай тұсына кетті. Тіршілікке күнкөріс, күнкөріске кәсіп іздеп біз де, тележурналистер, төрт құбылаға тарадық. Алматыдан Ақмолаға астанамыз ауысқан жылы мен де қоныс аудардым. Ол кезде Қазақ теледидарының Астана студиясы енді қалыптасып жатқан. Комментатор болып жұмысқа қабылдандым. Бас директорымыз – Алдан Смайыл. Алғашында республикаға таралатын «Отандастар» телехабарының орысшасын Дүкеш Бәйімбетов, қазақшасын мен жүргізе бастадым. Қос палаталы Парламенттің жалпы отырыстарынан жаңалықтарға бейнесюжет, «Көзқарас» ақпарат-сараптамалық бағдарламасын дайындадық. Еліміздегі тарихи, киелі жерлер туралы «Атамекен» тарихи-танымдық хабарын жүргіздім. Бұл біліктілігімді шыңдаған, кәсібилігімді жоғары деңгейде көрсете алған бірден-бір сәтті жоба болды деп есептеймін.

– Біраз жұмысты бастадың, жүргіздің. Ал енді үлкен ой-мақсатыңды салған, бірақ экранға шықпай, көрерменге жетпей, «жөргегінде тұншыққан» жобаң болды ма?

– Болды-ы-ы. Амал қанша, «ханның қызын» былай қойғанда, ондай-ондай қалыптасқан журналистің жолында да кездеседі екен. Бар қазақтың Төрегелдісі, қазақ деп шыр-пыр етумен өткен Төрегелді Шарманов туралы тамаша бір хабар болады деп ойлаған жобамды ынты-шынтыммен қолға алып едім. Мен қарабайыр, жаттанды, кезекті нәрсе емес, ол кісінің ойына, ілім-біліміне, өмір бойы атқарып келе жатқан ауқымды қызметіне лайықты толымды дүние дайындағым келген. Адамға алғашқы медициналық жәрдем көрсетуден бастап әр қазақтың дұрыс тамақтануына дейін қамқорлық жасап жүрген академиктің жоғары кәсіпқойлық қызметінен бастап, кейінгі толқын жас буынға аталық һәм адамгершілік көмек көрсету жолында кісілігін де, қаржысын да, күндіз күлкісін, түнде ұйқысын сарп еткенін фильм сипатты деңгейде түсіруді мақсат еттік. Сол уақыттағы «Қазақстан РТРК» АҚ төрағасы, арда азамат Ғалым Доскеннің бастамасымен, Астанадағы басшым Серік Салиевтің қолдауымен қолға алынып, сценарийі жазылып, академиктің алдына тартқанымызда, ол кісі ризалықпен келісімін берген. Әсіресе, Төрегелді аға Қарағанды медицина университетіндегі студенттерге өзінің «Тарлан» сыйлығынан алған қаржысынан стипендия тағайындаған. Ол қаражат таусылғанда, жас балалардың ынтасы үшін өз қалтасынан төлеп отырған. Студенттер академик аталарымен кездесіп, танысқысы келгенде, бұл кісі бас тартқан. Себебі «олар менімен кездессе, өздерін маған қарыздар сезініп қалады» деді. Жауапкершілігі сондайлық, сценарий бойынша фильмге түсуге тиісті болған, Америкада тұрып жатқан немерелерін арнайы шақыртқан еді... Міне, сол іске аспаған сценарийдің жобасы сап-сары қағаз болып қолымда қалды. Басшылық ауысып, түсірілім кейінге ысырыла-ысырыла, мүлде қозғаусыз жатты.

Ең өкініштісі – мен Жезқазғанда тарихи тұлғалар туралы жасаған 30-ға жуық телехабар, оның ішінде Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков, Сәкен Сейфуллин, Қаныш Сәтбаев секілді қырандар мен сұңқарлар жайлы дүниелер. Әлімхан Ермековтің немере қарындасы Лиза Ермекова Жезқазғанда тұрған. Жолдасы Қалкен Мәкенбаев Алаш ардақтылары туған Ақтоғайда дүниеге келген зиялы жан еді. Бұл хабарға арнайы Ақмолада тұратын Нөгербек Мағзұмов ағаның жеке архивінде сақталған Әлімхан Ермековтің үнтаспадағы дауысы, яғни Лениннің алдында қазақ шекарасын белгілеу үшін кездесуі жайлы айтылған үзігі пайдаланылған. Кейін ол үнтаспаны Қазақ радиосындағы «Мен қазақпын» бағдарламасында эфирге шығардық, бір кездері әлеуметтік желіде Әлімхан Ермековтің дауысы жазылған үнтаспаны таптық деп жар салғандар да болды. Ең алғаш «Тәбәрік» атты авторлық бағдарламамды сол кезде Жаңаарқа ауданында тұрған Бейімбет Майлиннің қызы Рәзия Майлинамен сұхбаттан бастаған едім. Міне, сол тарихи тұлғалар туралы жасағандарымның бірде-бірі сақталмаған, жойылып кетті. Тіпті астанаға ауысқаннан кейін түсірілген Қажымұқан Мұңайтпасов, Мәшһүр Жүсіп туралы хабарларымның да түпнұсқасы жоқ...

Журналистік жолымның 40 жылдан астамының жартысы радиода, жартысы телеарнада өтіпті. 2001 жылдың күзінде Қазақ радиосының Астана редакциясына жұмысқа ауыстым. Елорданың үні болған «Астана» радиосының бас редакторы болып 16 жыл табан аудармай қызмет еттім. 11 жыл бойы – 2006 жылдан 2017 жылға дейін әуе толқынына 30 мыңдай саны шыққан «Мен қазақпын» ақпарат-танымдық, ойын-сауық бағдарламасының авторы әрі жетекшісі болдым. Көңіліме бір медеу боларлығы, осы бағдарламаның бірнеше шығарылымының сұхбаттарын топтастырып, 2011 жылы «Мен қазақпын» жинағын шығардық. Бұл бұған дейінгі із-түзсіз жойылып кете берген дүниелерімнің орнын толтырған, кәтеліктерімнен сабақ алған жеңіске пара-пар оқиға дер едім. Ал 2017 жылдың күзінде радиодағы қызметімнен өз еркіммен қоштасып, жас журналист Әйгерім Біләловамен бірге qazir.kz сайтын аштық.

– Астанада жұмыс істеп жүргеніңде «Алтай-Дунай» халықаралық этнология экспедициясына қатыстың. Оның бастамашысы кім болды, мақсаты қандай еді?

– Бұл жобаны «Ұлытау» қоғамдық қозғалысының демеушілігімен қолға алған – Алихан Байменов, ал жетекшілік еткен – өлкетанушы Бахтияр Қожахметов. Еуразия кеңістігіндегі ұлттар мен мемлекеттердің тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, тұрмысын зерттеп, 13 сериялы фильм түсірдік. Ұзақ жолды түйемен жүріп өттік, 5 мемлекеттің шекара сызығынан астық.

– Астанадан кейін өзің ұшқан ұяңа, Жезқазған қалалық телеарнасына қайта оралдың. Сәтін салғанда, көп ұзамай бұрын жабылған Жезқазған облысы Президент пәрменімен Ұлытау облысы болып қайта ашылды. Телеарна ауқымының кеңеюіне бар шеберлігің мен ықыласыңды салдың...

– Араға 25 жыл салып, 2021 жылдың 29 қазанында Жезқазғандағы телеарнаға қайта келдім. Өйткені сол мекемені 5 жылға сенімгерлік басқаруға алған азаматтар маған қолқа салды. Техникалық, шығармашылық іс-шараларды еңсеріп, Тәуелсіздік күні жаңа форматпен эфирге шықтық. Бағымызға орай, жарты жыл уақыт өткен соң Ұлытау облысы құрылды. Жаңа облыспен бірге телеарнаны да дамытуға мүмкіндік туды.

– Жезқазғанға барғаннан кейін, өз кәсібіңнен бөлек, қоғамдық жұмыстарға да белсене араластың. Бұл, сонда, кезінде телеарнада, әуе толқынында шыққан хабарларда қаузалған өзекті мәселелерді қоғамдық сипатта іске асырудың көрінісі ме?

– «Байтақ» жасылдар партиясы Ұлытау облыстық филиалын басқардым, облыстық мәслихат депутаттығына сайландым, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы облыстық филиалының төрайымы болдым. Бұл – кезінде «Қамшы», «Мен қазақпын», «Жұмадан жұмаға дейін» хабарларында айтылған, көтерілген ұлттық-қоғамдық мәселелерді сөз жүзінде қалдырмай, нақты іске асырудың бір дәлелі. Өз басым кәсібімді де, қоғамдық жұмысты да шын көңіліммен атқардым.

– Біз өзіңді танып-білгелі әрдайым күлімсіреп, жайдары жүресің. Бұл тәрбиеңнен бе, әлде ата-анаңнан жұққан қасиет пе? Қайсысы басым?

– Мен өскен орта, отбасым – әрқашан күлімдеп, жарқылдап жүретін, мінезі жұмсақ жандар. Әкем Сейітжан – соғыс ардагері. Анам Бидаш жүзінен шуақ төгілген, кісіге жайлы еді. Мен туғанда атымды үйімізді базарға толтырсын, ұмыры базарлы болсын деп ырымдап Базаркүл қойыпты. Өзге кішкентайлар секілді емес, шат-шадыман, күліп жүретін шуақты бала болып өстім. Осы мінезім өмірімнің өн бойына ұласты, тіршілікте тек қана күліп, көңілді жүруді әдетіме айналдырдым.

Әңгімелескен
Раушан ТӨЛЕНҚЫЗЫ



АЛАШТАНУШЫ – АБЫРОЙ БИІГІНДЕ

Белгілі алаштанушы-ғалым Сұлтанхан Аққұлұлы Түркияның Аланья қаласында өткен халықаралық марапаттау рәсімінде ғылым саласындағы «Küresel Bilim Ödülü» (Global Elm Award) сыйлығымен марапатталды.

Марапаттау рәсімі 9 қараша күні Дүниежүзілік журналистер кеңесінің (Küresel Gazeteciler Konseyi) VI мәжілісі аясында ұйымдастырылған «Küresel Başarı Ödülleri» (Ғаламдық жетістік сыйлығы) салтанатында өтті.

Халықаралық жиынға Косовоның бұрынғы президенті Вьоса Османи, Түркия футболының аңызы, жаттықтырушы Фатих Терим, TRT Avaz телеарнасы мен Corendon Airlines компаниясының өкілдері, сондай-ақ 32 елден келген 350-ге жуық журналист қатысты. Салтанатты кеште Қазақстан атынан қатысқан Сұлтанхан Жүсіп ғылым саласындағы халықаралық сыйлыққа ие болды. Бұл марапат – ғалымның Алаш қозғалысының тарихын зерттеуге, XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының мұрасын зерделеп, тарихи ақиқатты қалпына келтіруге сіңірген көп жылғы еңбегінің халықаралық деңгейде мойындалуы.

Сұлтанхан Жүсіп – Алаш тарихын зерттеуге бірнеше онжылдық ғұмырын арнаған көрнекті ғалымдардың бірі. Ол Ресей, Беларусь, Чехия және Қазақстанның мұрағаттары мен кітапханаларында, музей қорларында ғылыми ізденістер жүргізген. Зерттеу жұмысы барысында КСРО және Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің, Ресей Федерациясы Федералдық қауіпсіздік қызметінің, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мұрағат материалдарын зерделеген.

Ғалымның осы жылдардағы табанды ізденісінің нәтижесінде Алаш қозғалысының тарихына қатысты көптеген құнды дерек ғылыми айналымға енді. Әсіресе, Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне қатысты мұраларды жинақтап, жүйелеуге айрықша үлес қосты. Осылайша, ел тарихының ақтаңдақ беттерін ашуға және ұлттық тарихи сананы жаңғыртуға еңбек сіңірді.

Аланьядағы халықаралық жиында қазақ ғалымының есімі мемлекет және қоғам қайраткерлерімен, дипломаттармен, мәдениет пен спорт өкілдерімен қатар аталды. Бұл – отандық ғылым жетістігінің ғана емес, Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасының халықаралық деңгейде танылуының көрінісі.

Айта кетейік, «Küresel Başarı Ödülleri» сыйлығын Дүниежүзілік журналистер кеңесі Ысмайыл Ғаспыралы атындағы академия қорымен бірлесіп тағайындаған. Бұған дейін аталған марапатқа Қазақстаннан қоғам және мемлекет қайраткері, профессор Дүйсен Қасейінов (2022), тұңғыш қазақ ғарышкері, Халық қаһарманы Тоқтар Әубәкіров (2024), сондай-ақ белгілі күйші, өнертанушы, профессор Жанғали Жүзбай (2025) ие болған.

№135 (5033) 14/11/2026 Сенбі

ДҮЙСЕНБІ
16 ҚАРАША

QAZAQSTAN

5:30 Әнұран
5:35 «Соңғы хат» телехикаясы.
7:00 «ТАҢШОЛПАН»
9:00 «ҒАЖАЙЫП МҰРА» телехикаясы.
10:10 «Мелек» телехикаясы.
12:10 «Қызық екен...»
13:00 «СЕЛТ ЕТКЕН СЕЗІМ» телехикаясы.
14:10 «Ақорда»
14:30 «Апта»
15:00 «ҚАЗАҚСТАН АНТОЛОГИЯСЫ»
15:15 «Көңіл толқыны»
15:55 «Сезім толқыны» телехикаясы.
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
18:00 «МЕЛЕК» телехикаясы.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ»
21:15 «СОҢҒЫ ХАТ» телехикаясы.
22:10 «Қара таңба» телехикаясы.
23:00 «Ғажайып мұра» телехикаясы.
23:55 «Қызық екен...»
1:20 «Қазір айтайық»
2:05 «Селт еткен сезім» телехикаясы.
2:55 Әнұран
3:00 «Көңіл толқыны»
3:45 «Қазақстан антологиясы»
4:00 «Ашық алаң»
4:45 «Сезім толқыны» телехикаясы.

05:00 Телехикая. “Әпке”
06:00 “Cover show”
08:00 “Оян!”
10:00 Телехикая. “Келінжан”
11:00 Телехикая. “Үзілген жапырақтар”
13:00 “ОйнаIQ”
14:00 “7 күн”
14:40 President
15:15 Телехикая. “Әпке”
16:00 Кино. “Мен оралам” (Назад в 90-ые)
17:35 “Язык моей земли”
19:00 Телехикая. “Келінжан”
20:00 Телехикая. “Үзілген жапырақтар”
22:00 Телехикая. “Күйеу бала”
23:00 Тұсаукесер! “Даму формуласы”
23:30 “Cover show”
00:00 Премьера! Телесериал “Ловушка”
00:50 “О чем не расскажет река”

ASTANA TV

06.00 «Ханзада Жұмонг» телехикаясы
07.00 «Қанатсыз құстар» телехикаясы
07.50 «Қара гүл» телехикаясы
09.00 «Орхан» телехикаясы
10.15 «Үздік әзілдер»
11.20 Көркем фильм
13.10 «Зу-Зу Күлпаш» телехикаясы
14.00 «Ех, Нәкөнай» телехикаясы
15.10 «Заң аясында»
15.20 «Еркектерге қарсы» телехикаясы
16.00 «Сүйген жүрек» телехикаясы
17.40 «Дон И» телехикаясы
19.00 «Astanatimes»
20.00 «Қара гүл» телехикаясы
21.10 «Орхан» телехикаясы
22.00 «Қанатсыз құстар» телехикаясы
22.50 «Күлфи» телехикаясы
00.00 «Дон И» телехикаясы
01.00 «Ханзада Жұмонг» телехикаясы

6:00 «НОВАЯ ЖИЗНЬ»
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
11:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
12:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
13:00 «АНАЛИТИКА»
14:30 «QOSLIKE»
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ»
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 Премьера. Боевик
1:30 «ПОЛНАЯ СОВМЕСТИМОСТЬ»
2:45 «KÖREMIZ-ШОУ»
4:00 «ҚАЙМАҚ» бағдарламасы

ҚТК

7:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
7:05 “ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘН КЕШ”
8:45 “ПЛАМЯ ЖИЗНИ”, турецкая драма
11:15 “БАТЫР ИЗ ПРОШЛОГО”, комедия
14:00 “ЭКСТРАСЕНСЫ”, реалити-шоу
16:15 “ПЛАМЯ ЖИЗНИ”, турецкая драма.
18:15 “СЛЕД”, детектив.
19:10 “КИБЕРПОЛ”, отандық телехикаясы.
20:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:40 “ЭКСТРАСЕНСЫ”, реалити-шоу.
23:45 “АГЕНТЫ СПРАВЕДЛИВОСТИ”
1:45 “СЛЕД”, детектив (қайталау)
2:30 “КИБЕРПОЛ”, отандық телехикаясы
3:30 “УПЁРТЫЙ”, отандық телехикаясы
4:30 “ЗАКИРА”, отандық телехикаясы
5:20 “КТК ҚОРЖЫНЫ”

31

06:00 «Әзіл студио»
07:00 «Алдараспан»
09:00 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
09:30 Мультсериал «Черепашки-ниндзя»
10:00 «Тайна магазина игрушек»
12:10 «Терминатор 2: Судный день»
15:20 «Лара Крофт» (повтор)
18:00 «Рэмбо: Первая кровь 2»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Пророк»
23:00 «Взрыв»
01:10 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:40 «Time Vine»
03:00 «TikTok show»
04:20 «1001 Әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
04:30 Телевикторина «BALA BATTLE»
05:00 «What’s up?»
05:20 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы

7

